

Маңғыстау облысы бойынша 2016 жылға арналған жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін бекіту туралы

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2016 жылғы 26 ақпандағы № 32/479 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 01 сәуірде № 2997 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 38-бабының 5) тармақшасына, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексінің 487-бабының 1-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 5-тармағына сәйкес облыстық мәслихат

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Маңғыстау облысы бойынша 2016 жылға арналған жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Маңғыстау облыстық мәслихаты аппаратының басшысы (Д.Сейбағытов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Облыстық мәслихат

хатшысының міндетін атқарушы

Б. Уандықов

Ә. Сахимов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Маңғыстау облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы

Т. Қалжанұлы
"29" ақпан 2016 жыл

"Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрлігі Су ресурстары комитетінің су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Жайық-Каспий бассейндік инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі Маңғыстау облыстық бөлімінің басшысы
Т.М. Адамбаев
"29" ақпан 2016 жыл

"Қазақстан Республикасы қаржы Министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Маңғыстау облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы
А.Б. Тілегенов
"29" ақпан 2016 жыл

"Қазақстан Республикасы энергетика Министрлігі Мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитетінің Маңғыстау облысы бойынша экология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы
А.А. Сафин
"29" ақпан 2016 жыл

"Маңғыстау облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы
Б. Ерсайынұлы
"29" ақпан 2016 жыл

"Маңғыстау облысының
табиғи ресурстар және табиғат
пайдалануды реттеу басқармасы"
мемлекеттік мекемесінің басшысы
С.О. Сағынбаев
"29" ақпан 2016 жыл

"Маңғыстау облысының
энергетика және тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық басқармасы"
мемлекеттік мекемесінің басшысы
С.Х. Аманбеков
"29" ақпан 2016 жыл

Маңғыстау облыстық мәслихатының
2016 жылғы 26 ақпандағы
№ 32/479 шешіміне қосымша

Маңғыстау облысы бойынша 2016 жылға арналған жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері

| Арнаулы су пайдаланудың түрі | | | | | | |
|--|--|---|--|---|---|--------------------------------------|
| Теңіз бассейні | Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер (теңге/1000 текше метр) | Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегенде (теңге/1000 текше метр) | Ауыл шаруашылығы (теңге/1000 текше метр) | Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары (теңге/1000 текше метр) | Су энергетика (теңге/1000 киловатт-сағат) | Су көлігі (теңге/1000 тонна шақырым) |
| Каспий теңізі бойынша базалық мөлшерлемелері | 72 | 206 | 58 | 56 | - | 7 |
| 2009 жылғы инфляция коэффициенті | 1,062 | 1,062 | 1,062 | 1,062 | - | 1,062 |
| 2010 жылғы инфляция коэффициенті | 1,078 | 1,078 | 1,078 | 1,078 | - | 1,078 |
| 2011 жылғы инфляция коэффициенті | 1,074 | 1,074 | 1,074 | 1,074 | - | 1,074 |
| 2012 жылғы инфляция коэффициенті | 1,060 | 1,060 | 1,060 | 1,060 | - | 1,060 |
| 2013 жылғы инфляция коэффициенті | 1,048 | 1,048 | 1,048 | 1,048 | - | 1,048 |

| | | | | | | |
|---|--------|--------|-------|-------|---|-------|
| 2014 жылғы инфляция коэффициенті | 1,074 | 1,074 | 1,074 | 1,074 | - | 1,074 |
| 2015 жылғы инфляция коэффициенті | 1,136 | 1,136 | 1,136 | 1,136 | - | 1,136 |
| Төмендету коэффициенті | 0,4753 | 0,4753 | 0,50 | 0,50 | - | - |
| Жоғарылату коэффициенті | - | - | - | - | - | 1,9 |
| 2016 жылға арналған төлемақы мөлшерлемелері | 57,03 | 163,17 | 48,33 | 46,66 | - | 22,16 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК